

С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық Медицина Университеті

СӨЖ

Тақырыбы: **«Тоннельді егеп тазалау»**

Орындаған: Оспан А., Арызбек А.

Тобы: ФКТС-002

Тексерген: Мангытаева Б.Б

Алматы 2016ж.

Жоспары:

- 1.Тіс жегі жайлы
- 2.Тіс жегісінің Блек бойынша классификациясы
- 3.Егеп тазалау жұмыстары
- 4.Тоннельді егеп тазалау
- 5.Қорытынды
- 6.Қолданылған әдебиеттер

Тіс жегі жайлы

Тіс жегі-тіс жарып шыққаннан кейін жүретін, нәтижесі қуыс ақауға айналатын тіс қатты тіндерінің жұмсаруы мен деминерализациясы арқылы көрінетін патологиялық үрдіс. Өте көп тараған ауру. Тіс кариесі тым ерте басталады, әсіресе, балаларда тұрақты азу тіс шыққаннан кейін байқалады. Кариес тұрақты тістерді де, сүт тістерді де зақымдайды. Тіс жегі деңгейлері:

1. Дақ деңгейі
2. Беткей тіс жегі
3. Орта тіс жегі
4. Терең тіс жегі



Рис. 145



Рис. 146



Рис. 147




Рис. 148

Тіс жегі себептері мен салдары

Тіс жегінің пайда болуына негізінен стрептококк бактериясы әсер етеді. Бактериялардың әр түрлі тәтті тағамдарды көп жегеннен қышқыл ферменттер бөліп шығаруынан тістің қатты тіндері жұмсарып, бұзыла бастайды. Сонымен қатар тіс жегінің пайда болуына дұрыс тамақтанбау (тамақта көмірсудың көп болып, белок, витамин, кальций және фосфор тұздарының жетіспеуі), тісті дұрыс күтпеу өз әсерін тигізеді. Ауру тістің сыртында кішкене ақ дақтың пайда болуынан басталады. Дер кезінде дәрігерге көрінбесе, процесс тіс қуыстарының жұмсақ тіндеріне таралып, тістің эмалі босап, жұмсара бастайды. Тіс, әсіресе, тәтті не қышқыл тағам жегенде ауырады. Ауырған жерде тістің дентині шіріп, ойылады. Осы кезде емдемесе, одан әрі тіс ұлпасы (жүйкесінің ұшы) зақымдалып, ойық тереңдей түседі, соның салдарынан пульпит ауруы (тіс ұлпасының қабынуы) дамиды

Тіс жегісі



Тіс жегісінің Блек бойынша классификациясы

- 1 КЛАСС- тіс фиссуралары мен табиғи ойыстардағы қуыс(кіші және үлкен азу тістер, күрек тістер)
- 2 КЛАСС- кіші және үлкен азу тістердің контактілі бетіндегі қуыс
- 3 КЛАСС-күрек және сүйір тістер контактілі бетіндегі қуыс
- 4 КЛАСС-күрек және сүйір тістердің кесу қыры мен бұрыштарын қоса контактілі бетіндегі қуыс
- 5 КЛАСС-тістердің еріндік,ұрттық және тілдік беттеріндегі сауыттың мойындық бөлігінің қуысы
- 6 КЛАСС-алдыңғы тістердің кесу қыры мен артқы тістредің шайнау бетіндегі төмпелеріндегі қуыстар


Егеп тазалау жұмыстары

Тіс жегін емдеу барысында егеп тазалау жұмыстары өте маңызды. Себебі, бұл тіс жегі рецидивін болдырмауды және пломбалық материалдың жақсы орнығуын қамтамасыз етеді. Тіс жегі қуысын егеп тазалағанда тіс қуысында мынадай элементтер болуы қажет:

1. Қабырға
2. Табаны
3. Жиегі
4. Бұрышы



a)



b)



c)

2 КЛАСС қуыстарын егеп тазалау әдістері

1. Қосымша аудансыз
2. Қосымша ауданмен
3. Медио-окклюзио-дистальды қуыс
4. Тоннельді әдіс

Тоннельді егеп тазалау әдісі

Тоннельді егеп-тазалау Блек бойынша 2классты егеп-тазалаудың окклюзиондық жолы. Ерекшелігі тістің шайнау бетінің маргиналды қыры сақталуын қамтамасыз етіледі, яғни тіс қырынан 2-2,5мм қашықтықтағы шайнау бетінен тоннель жүргізу болып табылады. Оны окклюзионды-апроксималды тоннель деп атайды. Тоннельд егеп-тазалау жұмысы апроксималды беттегі тіс жегі экватордан төмен және мөлшері бойынша кішкентай болғанда жүргізіледі. Бұл әдістің кемшіліктері де бар, мысалы некроэктомия жүргізі кезінде толыққанды визуалды бақылау жүргізу қиындығы және тіс қуысын ашып алу қауіпі, әсіресе жас адамдарда.



Реставрация жүргізу үшін Блек бойынша классикалық жолмен тісті егеу тістің қатты тіндерінің өте көп бөлігін алуды қажет етеді.

Алайда кейінгі жылдары халықаралық стоматологтар конгрессінде бұл жол қайта қарастырылып, минималды әсер ету, яғни тіс тіндеріне минималды оперативті әсер ету және сұйық жоғары адгезивті, шыныиономерлі пломбалық материалдарды қолдану алға қойылды. Сонымен, тоннельді егеп-тазалау әдісі дегеніміз тікелей тістің ақау орнын егеу. Тоннельді егеу барысында апроксималды беттегі тіс ақауына жету үшін шайнау бетінен домалақ немесе сопақ тоннель түріндегі тесік жасау керек.



Тоннельдің терең бөлігін сұйық композитті материалдармен, беткей бөлігін қаттылығы бойынша эмальға ұқсас композиттермен толтырылуы қажет. Реставрация жұмыстарын жүргізу үшін зиянсыздық тұрғысынан қарағанда ең тиімді инертті, аллергиялық әсер тудырмайтын, физикалық қасиеттері бойынша эмальға ұқсас болып табылатын керамика қолданылады. Жақын уақытта тістің сау тіндерінің бұзылуын (композит сияқты) болдырмайтын әдістер ойлап табылды. Бұл әдіс мәні зақымдалған тіс бөліктерін вертикалды егеуге негізделген.

Қорытынды

Тоннельді егеп тазалау 2 классты егеп тазалаудың жаңа әдісі. Оның артықшылықтары мен қатар кемшіліктері де бар. Ол маргинальды қырды сақтап қалуды қамтамасыз етеді, бірақ егеу барысында визуальды бақылау қиын және тіс қуысын ашып зақымдау қауіпі бар. Бұл әдісті кей стоматолог мамандар қолдамайды, себебі некроэктомия дұрыс жүргізілмеу мүмкіндігінен тіс жегі рецидивінің даму мүмкіншілігі бар.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Фантомный курс терапевтической стоматологии.Атлас Е.А.Магид,Н.А. Мухин 131бет
2. Фантомный курс терапевтической стоматологии.Атлас. Ю.М. Максимовский 174 бет
3. Қазақша Уикипедия
4. Сайт сети стоматологических клиник России
5. Википедия